

Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 1 маусымдағы № 184 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 маусымда № 7760 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 1113 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.11.2015 № 1113 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына
с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1 . М ы н а л а р :

1) Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 26.07.2013 № 229 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 26.07.2013 № 229 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестиция комитеті (А.Ж. Серіков) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия

және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр Ә. Исекешев
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а
т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 м а у с ы м д а ғ ы
№ 1 8 4 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген 1-қосымша
Нысан

Инвестициялық преференцияларды беруге арналған өтінім

Ескерту. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 26.07.2013 № 229 бұйрығымен (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н д у с т р и я ж ә н е ж а ң а
т е х н о л о г и я л а р м и н и с т р і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 м а у с ы м д а ғ ы
№ 1 8 4 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген 2-қосымша

Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптар

Ескерту. 2-қосымшаның атауы жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша осы Талаптар (бұдан әрі - Талаптар) «Инвестициялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 4) тармақшасы негізінде әзірленген және инвестициялық жобаның бизнес-жоспарын жасау бойынша талаптарды айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бизнес-жоспар келесі тараулардан тұрады:
 - 1) Инвестордың қысқаша сипаттамасы;
 - 2) инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасы;

- 3) техникалық бөлім;
- 4) коммерциялық бөлім;
- 5) ұйымдық бөлім;
- 6) әлеуметтік бөлім;
- 7) қаржылық бөлім;
- 8) экологиялық бөлім;
- 9) экономикалық бөлім;

10) алынып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Инвестордың қысқаша сипаттамасы мыналарды өзіне енгізеді:

- 1) заңды тұлғаның атауы;
- 2) заңды тұлғаның басшысы (лауазымы, аты-жөні – болған кезде);
- 3) заңды тұлғаның мекенжайы, телефоны, факсы, электрондық поштасы;
- 4) заңды тұлғаның қызметінің негізгі бағыттарының қысқаша сипаттамасы, негізгі өндірістік көрсеткіштері, көрсетілген салада инвестициялық Келісімшарт жасасу бойынша жоспарланатын жұмыс тәжірибесі. Соңғы есеп беру кезеңі үшін кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызмет туралы қысқаша есебін.

4. Инвестициялық жобаның қысқаша сипаттамасы мыналарды өзіне қамтиды:

- 1) инвестициялық жобаның атауы;
- 2) инвестициялық жобаның негізгі мақсаттары;
- 3) инвестициялық жобаның тікелей қатысушылары;
- 4) инвестициялық жобаны іске асыру орны (облыс, аудан);
- 5) қысқаша мазмұны:

шығаруға ұсынылатын өнім, болуы мүмкін түрлену спектрін көрсете отырып, тауар немесе қызмет көрсетудің қысқаша сипаттамасы, мақсаты мен қолдану саласы;

болжанатын инвестициялық жобаның сипаты (жаңадан құру, қолданыстағы кәсіпорынды қайта құру немесе кеңейту);

басшының қолымен және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған мынадай құжаттардың көшірмесінің болуы:

инвестициялық жоба бойынша техникалық құжаттаманың (спецификацияның)

-) болуы;
- техникалық-экономикалық негіздеме;
- жобалық-сметалық құжаттама;
- құрылыс-монтаж жұмыстары және жабдықты жеткізуге шарттар мен

к е л і с і м ш а р т т а р ;

жер теліміне құқықтарды растайтын құжаттар;
ғимараттарды, имараттарды жалдау шарттары мен басқа да құжаттар;
жоба бойынша іске асыру және шектеудің ерекше шарттары: лицензиялардың
(егер қызмет түрі лицензиялауға жататын болса), патенттердің, рұқсаттардың бар
болуы, экспорттық және импорттық квоталардың, өткізу нарығы және шикізат,
су, энергиямен қамтамасыз ету, көлік, байланыс, қалдықтарды кәдеге жарату
бойынша шектеулер мен ұсынымдардың болуы, шетелдік жұмыс күшіне
қажеттіліктер, технологиялық процестердің экологиялық тазалығына
т а л а п т а р д ы ң б о л у ы ;

б) инвестициялық жобаны іске асыру құны, қаржыландыру көздері:
м е н ш і к қ а р а ж а т ы ;

қарыз қаражаттары (кредиттер немесе шаруашылық субъектілерінің
қаражатын тарту) және/немесе грант;

7) инвестицияларды жүзеге асыру сәтінен бастап жобаны іске асыру мерзімі.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму
министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он
күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Техникалық бөлім мыналарды өзіне кірістіреді:

1) инвестициялық жоба технологиясының қысқаша сипаттамасы;

2) технологиялық шешімді қабылдаудың негіздемесі, атап айтқанда
инвестициялық жобаның тұрған жері мен көлемін (ауқымы) таңдаудың
негіздемесі (жеткізушілер мен нарықтар үшін орналасқан жердің қолайлылығы):

бірге болатын инфрақұрылым және көліктік мүмкіндіктер;

қолданыстағы үй-жайларды пайдалану мүмкіндігі немесе қайта салу;

инвестициялық жоба бойынша тауарларды (қызметтерді көрсетулерін) өндіру
көлемін анықтайтын факторлар.

Талаптардың 1-қосымшасына сәйкес техникалық және құндық
сипаттамалары бойынша балама шешімдерді (ақпарат көздеріне сілтеме жасай
отырып ұқсастармен салыстыра ұсынылған тауар өндірісі, қызмет көрсетуге
арналған техникалық деңгейі және құны) салыстырмалы талдау.

Шикізаттық ресурстарды пайдаланудың ұтымдық дәрежесі:

шикізатты қайта өңдеу дәрежесі;

өндірістің қайталанбалылығы (қалдықтарды қайта өңдеу);

жергілікті шикізатты пайдалану;

Талаптарға 1-қосымшада көрсетілген жобаны іске асыру кестесі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму
министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он
күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Коммерциялық бөлім мыналарды өзіне енгізеді:

1) шикізат, материалдар және құрал-жабдықтың жеткізілімдері: шикізат және материалдар (отандық және импорттық) нарығын талдау: пайдаланатын шикізат түрлерінің тізбесі; көліктік шығыстарды есепке алғандағы бағаның қол жетімділігі және деңгейі; қолданылған шикізат және материалдардың атауы мен көлемін көрсете отырып, жоба бойынша қызмет түрі шеңберінде жабдықта шығарылатын дайын өнім бірлігінің өндірісіне импортталатын шикізат пен материал шығыстарының н о р м а с ы ;

шикізатты есептен шығару әдісі (ҚР заңды тұлғасының есептік саясаты); жабдықты/өндірушілерді жеткізушілерді таңдау: қажетті жабдықтардың тізбесі және оған негізгі техникалық талаптар; жабдық пен технологияның әлемдік және жергілікті нарықтағы жаңалығы; көліктік шығыстар, монтаж және іске қосу-реттеу жұмыстарды есепке алғандағы ж а б д ы қ т а р д ы ң қ ұ н ы ; жөндеу базасының болуы (қажет болған жағдайда); қосалқы бөлшектер немесе шығыс материалдармен қамтамасыз ету көздері;

2) м а р к е т и н г :

Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өнімдік көрсеткіштер; қолданыстағы шектеулерді (квоталар, лицензиялар және т.б.) - (нарық сыйымдылығын) есепке ала отырып өткізу нарығын болжау: ішкі және сыртқы нарықтағы әлеуетті төлем қабілеті бар сұраным, қазіргі уақытта оны қ а н а ғ а т т а н д ы р у деңгейі:

өткізім арналары - қандай өңірлерге, қандай тұтынушыларға, шетелдегі қай елдерге жеткізілім болжанатыны көрсетілсін; нарықта ұқсас, өзара алмасатын, өзара толықтырылатын тауарлар, қызмет көрсетулердің орын алуы, болашақтағы олардың өндірісін бағалау, соңғы бірнеше жыл ішінде тауарлардың экспорты және/немесе импортының серпіні, көлемі мен бағалары, негізгі бәсекелестер және олардың нарықтағы үлес салмағы; әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеру мүмкіндіктері нәтижелерінде нарықты болжау;

өткізу мүмкіндігін растайтын құжаттар; тауарлардың жеткізіліміне келісімшарттардың немесе ниеттер туралы хаттамалардың нотариалды құ ж а н д ы р ы л ғ а н көшірмелері;

тауарларға немесе қызмет көрсетулерге бағалар деңгейін болжамды бағалау; коммерциялық тәуекел факторлары мен негізгі маркетингтік іс-шаралар.

Жобаны қаржыландырудың айырбас валюта бағамы мен қолданыстағы салық базасының өзгеруіне әсер етуді бағалау.

Ескерту. 6-тармақ жана редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он

күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Ұйымдастыру бөлімі мыналарды өзіне енгізеді:

- 1) тартылатын ұйымдар:
жобаны құрушы;
жабдықты өндірушілер;
жабдықты жеткізушілер;
қаржыланатын ұйым;
делдалдар;
- 2) жобаны іске асыру процесінде қатысушылар арасында міндеттер мен жауапкершіліктерді бөлу;
- 3) ұйымдастыру құрылымы және тауарлардың/қызметтердің менеджменті мен сапасын бақылау жүйелері.

8. Әлеуметтік бөлім мынаны қамтиды:

- 1) Талаптардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жобаның еңбек ресурстарына мұқтаждығы (саны);
- 2) Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тартылатын шетел жұмыс күші туралы мәліметтер, саны (инвестициялық басым жобаларды жүзеге асырған кезде);
- 3) Талаптарға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірісті пайдалануға енгізгеннен кейін жұмысшыларға мұқтаждығы.

Ескерту. 8-тармақ жана редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қаржы бөлімі мыналарды өзіне енгізеді:

- 1) инвестицияларды бағалау:
толық инвестициялық шығындар (негізгі және айналым капиталға инвестициялар);
жобаны қаржыландыру мен инвестициялардың құрылымы (инвестициялардың жалпы көлемін бағалау жобаны іске асыру үшін қаржының жеткіліктігі, инвестициялардың құрылымы, қаржыландырудың схемасы мен шарттары, түсімнің болжамды қолданылуы шағылыстыратын);
- 2) тәуекелдерді бағалау:
тәуекелдердің түрлері;
тәуекелдің деңгейі (дисконт мөлшерлемесі);
- 3) қаржылық талдау:
жобаның қаржылық үлгісі инвестициялық преференцияларды есептемей және тиісті инвестициялық преференцияларды есепке ала отырып, үлгілерді есептеу енгізіледі;
жобаның өмірлік кезеңі ішіндегі таза дисконттық табысы (MPV);

жобаның өмірлік кезеңі ішіндегі табыстылықтың ішкі нормасы (IRR);
жобаның өтімділік мерзімі (қарапайым және дисконттық);
жоба өмірінің әр жылына табыстың қарапайым мөлшері (рентабельдігі);
түрлер бойынша бюджетке төленетін салықтар, кеден баждары мен төлемдері

төленетін салықтардың барлық түрлері бойынша бюджеттік тиімділіктің
жиынтық есебі анықталсын.

Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша республикалық және
жергілікті бюджет үшін шартты шығындар мен кірістердің есебі.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Инвестициялар және даму
министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он
күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Экологиялық бөлімжоба технологиясының қоршаған ортаға әсері
бойынша стандарттар мен нормативтерге сәйкестігін өзіне енгізеді.

11. Экономикалық бөлім мыналарды өзіне енгізеді:

Жобаның мемлекет экономикасының қажеттіліктеріне:
халық тұтынатын азық-түлік тауарлары және азық-түліктік емес тауарларын
шығаруды ұлғайту;

импорт алмастыру (импорт алмастырудың қабылданған бағдарламаларына
сәйкестігі);

экспортты ұлғайту;

жаңа жұмыс орындарын құру;

халықтың білімі мен біліктілік деңгейін көтеру;

озық технологияларды игеру, "ноу-хау";

жобаны іске асырудан мультипликатор тиімділігі;

сапаның халықаралық стандарттар жүйесіне сәйкес өндірісті ұйымдастыру.

**12. Алынып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18
№ 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен
кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Бизнес-жоспар мәтіні Times new Roman қаріпінде 14 кегелде басылуды (бірақ сұлба, сызба, кесте, нобайларды жасауда кемінде 10 болуы), қағаз тасығышта тапсырылуы тиіс, бизнес-жоспардың әрбір басылып шыққан парағының шетінде мынадай өлшемдер болады:

сол жағы – 2,5 сантиметр;

оң жағы – 1,5 сантиметр;

жоғарғы жағы – 2,5 сантиметр;

төменгі жағы – 2,5 сантиметр.

Бизнес-жоспарды рәсімдеуде екінші және келесі беттері нөмірленуі тиіс (

беттің реттік нөмірлері бизнес-жоспардың жоғарғы шетінің ортасында араб цифрымен тыныс белгісіз қойылады).

Инвестициялық жобаның немесе
инвестициялық стратегиялық
жобаның бизнес-жоспарын жасау
бойынша Талаптарға 1-қосымша
Нысан

Техникалық және құндық сипаттамасы бойынша балама шешімдерді (ұқсастармен салыстыруда тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіріс үшін ұсынылатын техникалық деңгейі мен құны, ақпарат көзіне сілтемелер) салыстырмалы талдау

Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштердің мәні	
	ұсынылатын үлгі	ұқсастықтар
1.		
2.		

Жобаны іске асыру кестесі

Жұмыстардың атауы	Күнтізбелік жыл				Күнтізбелік жыл				Жиыны
	1 тоқ сан	2 тоқ сан	3 тоқ сан	4 тоқ сан	1 тоқ сан	2 тоқ сан	3 тоқ сан	4 тоқ сан	
Тіркелген активтерге инвестициялар (теңге)									
1.									
2.									
3.									
Шикізат және материалдарға инвестициялар (теңге)									
1.									
2.									
3.									
Жобалық қуаттарды игеру									
Құрылатын және/немесе сақталатын жұмыс орындарының саны									

Инвестициялық жобаның
бизнес-жоспарын жасау
бойынша талаптарға
2-қосымша

Нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өндірістік көрсеткіштер

Өндіріс қуаты _____

Жылдар	Тауар, жұмыс, қызмет атауы	Өнімнің заттай көрсеткіш көлемі	Өнімнің құндық көрсеткіш көлемі	Кәсіпорынның жүктелімі, %
	Барлығы:			

Инвестициялық жобаның
бизнес-жоспарын жасау
бойынша талаптарға
3-қосымша

Нысан

Ескерту. Талап 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жобаның еңбек ресурстарына мұқтаждығы (саны):

Құрылыс кезіндегі		Өндірісті пайдалануға енгізгеннен кейін (1 жыл)	
ҚР азаматтары	Шетел жұмыс күші	ҚР азаматтары	Шетел жұмыс күші

Инвестициялық жобаның
бизнес-жоспарын жасау
бойынша талаптарға
4-қосымша

Нысан

Ескерту. Талап 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Тартылатын шетел жұмыс күші туралы мәліметтер, олардың саны

Мамандығының атауы (тарифтік дәрежесі, санат)	Тегі, аты, әкесінің аты (оның ішінде латын әріптерімен)	Туылған күні	Азаматтығы /Тұрғылықты елі	Тартылатын кезең ай, жыл)
1.Басшылар:				

2. Жоғары білімі бар мамандар:

Инвестициялық жобаның
бизнес-жоспарын жасау
бойынша талаптарға

5-қосымша

Нысан

Ескерту. Талап 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өндірісті пайдалануға енгізгеннен кейін жұмысшыларға мұқтаждығы

р / с №	Мамандықтың атауы	Біліктілік дәрежесі (тарифтік дәрежесі, санат)	Саны

Инвестициялық жобаның
бизнес-жоспарын жасау
бойынша талаптарға

6-қосымша

Нысан

Ескерту. Талап 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014.08.18 № 2 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Республикалық және жергілікті бюджет үшін шартты шығындар мен кірістердің есебі

Бюджетке міндетті төлемдердің түрлері	Күнтізбелік жыл		Күнтізбелік жыл		Барлығы
	Преференцияларды есептегендегі бюджетке түсетін түсім	Преференцияларды есептегендегі бюджетке түсетін түсім	Преференцияларды есептегендегі бюджетке түсетін түсім	Преференцияларды есептегендегі бюджетке түсетін түсім	
КТС					
Мүлік салығы					
Жер салығы					
Кедендік баж салығы					
Әлеуметтік салық					

